



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2023 жылғы «31»08
Ақтөбе қ.

№ 177/1

«31»08 2023 года
г.Актөбе

« 2023 - 2024 оқу жылында
класс жетекшілер мен класс жетекшілер
бірлестігінің жетекшісін, класс кабинеттерін
бекіту туралы »

2023-2024 оқу жылында № 75 жалпы білім беретін орта мектебі бойынша, класс
жетекшілер мен класс жетекшілер бірлестігінің жетекшісін тағайындау мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2023-2024 оқу жылында төмендегі кластар бойынша класс жетекшілер мен класс
кабинеттері бекітілсін .

Класы	Класс жетекшінің аты-жөні	Кабинет
1 «А» класс	Ермаханова Жанат Тоқмырзақызы	105
1 «Ә» класс	Жайманова Гүлмира Төлепбергенқызы	107
1 «Б» класс	Кемалова Орнай Тлеуқызы	104
2 «А» класс	Оспанова Алмагуль Сериковна	103
2 «Ә» класс	Шамуратова Бибигүл Ивановна	102
2 «Б» класс	Қошқарова Жанаргүл Өтесінқызы	104
3 «А» класс	Омарпатшаева Айгүл Жаңабергенқызы	105
3 «Ә» класс	вакант	106
3 «Б» класс	Мұхамеди Құндызай Аманжолқызы	107
4 «А» класс	Баймурзаева Тұрсынай Коктаубаевна	102
4 «Ә» класс	Исмагулова Айнур Бакитжановна	103
4 «Б» класс	Жылқыбаева Камила Жұмабекқызы	106
5 «А» класс	Дарибаева Женисгүл Махамбетжановна	201
5 «Ә» класс	Мыңбаева Гүлжайна Табылдиевна	207
6 «А» класс	Мейірманова Аида Мейірманқызы	207
6 «Ә» класс	Ақжігіт Самал	201
6 «Б» класс	Елдесова Дәмегүл Оразғалиевна	208
7 «А» класс	Жумағалиева Шолпан Искандеровна	212
7 «Ә» класс	Ибраева Жұлдыз Кабыловна	209
8 «А» класс	Дүйсенғалиева Зарина Маратовна	203
8 «Ә» класс	Таңатарова Айгүл Хамидуллақызы	205
9 «А» класс	Советова Гүлжанат Нурланқызы	203
9 «Ә» класс	Тұяқова Әлия Шынтасқызы	208
10 класс	Суханова Анар Өтетілеуқызы	209
11 класс	Дукалова Айгерим Бакбергеневна	211

2. Класс жетекшілерге оқушылармен , қосымша білім беру ұйымдарымен , мектептен тыс мекемелермен, ата-аналармен , мектеп әкімшілігімен бірлесе отырып жұмыс жоспарын құру, іс – шаралар топтамасын жоспарлау жүктелсін.

3. Класс кабинеттерінің санитарлық жағдайы , қатаң есептегі мектеп мүлкінің сақталуы, қауіпсіздік шараларының алдын –алу жұмыстары, безендіру, көгалдандыру жұмыстарын ұйымдастыру - класс жетекшілерге жүктелсін.

4. Класс жетекшілер бірлестігінің шығармашылық белсенділігі мен әдістемелік шеберлігін жетілдіру негізінде нұсқаулықтармен әдістемелік жұмысты ұйымдастыру - бірлестік жетекшісі Исмагулова Айнура Бакитжановнаға міндеттелсін.

Осы бұйрықтың орындалуын бақылау – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары- А.Амановаға міндеттелсін.

Мектеп директоры  М.С.Наменова



Таныстым: _____



Класс жетекшілердің сапалық құрамы

№	Жалпы саны	Жоғары білімді	Арнаулы білімді	Санаты					Еңбек өтілі		
				I	II	с	з	с-сыз	0-5	5-10	10 жоғары
1	25	23	2		11	6	3	5	7	11	7

Мектепалды даярлық тобының тәрбиешілері туралы мәлімет

№	Жалпы саны	Жоғары білімді	Арнаулы білімді	Санаты					Еңбек өтілі		
				II	III	с	з	с-сыз	0-5	5-10	10 жоғары
1	3	2	1	1	2					2	1

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:



А.Аманова

Тәрбие жұмысының мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Класс жетекшілер бірлестігінің мақсаты:

Класс жетекшілердің теориялық, ғылыми-әдістемелік деңгейлерін көтеру арқылы, іс-тәжірибелерін тарату, жинақтау, үйрену.

«Келісемін»

Директордың тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары: А.М.Аманова

«Бекітемін»

Мектеп директоры
М.С.Наменова



**№75 жалпы білім беретін орта мектеп сынып жетекшілер бірлестігінің
жылдық жұмыс жоспары. 2023-2024 оқу жылы.**

Тәрбие жұмысының мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына
сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

№	Іс-шаралар мазмұны	мерзімі	жауапты	аяқталы нысаны
1	1 отырыс «Сынып жетекшісінің іс-әрекет жүйесін ұйымдастыру Мақсаты: Оқу тәрбие процесіндегі нормативтік- әдістемелік нұсқаулықпен жұмыс жасау. Жоспарды талдау. 1. ҚР Білім және ғылым Министрлігінің «Сынып жетекшісінің қызметін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныстар» нұсқау-әдістемелік хатын зерделеу. 2. Біртұтас тәрбие бағдарламасы туралы. 3. Сынып жетекшілер бірлестігі жоспарын бекіту.	тамыз	Аманова А. Кармысова А.	хаттама
2	Сыныптың әлеуметтік паспортын жасау	қыркүйек	Сынып жетекшілер	АКТ
3	Сынып жетекшілерінің тәрбие жұмыс жоспарларын бекіту.	қыркүйек	Аманова А	жоспар
4	Класс кабинеттерін жабдықтау, көгалдандыру	қыркүйек	Сынып жетекшілер	
5	Психологиялық көмек	Жыл бойы	Кулбаева Н.	
6	2 отырыс «Баланың рухани-адамгершілік мәдениетін қалыптастырудағы отбасы мен мектептің өзара қарым-қатынасы» Мақсаты: бала тәрбиесіндегі отбасы мен мектептің өзара қарым-қатынасы туралы ой бөлісу, тәжірибе алмасу. 1. Ата-аналарды педагогикалық қолдау жобасы туралы. Даналық мектебі. 2. Баланың рухани-адамгершілік мәдениетін қалыптастырудағы сынып жетекшісінің ролі. 3. 1 тоқсан бойынша оқушылардың сабаққа қатысым мониторингі. 4. 2023-2024 оқу жылы бойынша оқушылардың үйірмемен қамтылуы.	қараша	Аманова А. Кармысова А Жайманова Г.	хаттама
7	«Мектептегі тәрбие жұмысын ұйымдастырудағы сынып жетекшісінің ролі» коуч	желтоқсан	Шамуратова Б Ибраева Ж	анықтама

8	3 отырыс «Девнантты мінез құлықты білім алушылармен жұмыс» Мақсаты: Оқушының девнантты мінез құлқының алдын алуда балаға педагогикалық қолдау көрсету 1.Тәуекел тобындағы оқушылармен жұмыс. 2. Сынып сағаттарының өтілуін тексеру 3.Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысының жүргізілуі. 4. ЖЖЕ жұмысы.	қаңтар	Кармысова А Мұхамеди Қ Кулбаева Н.	хаттама
9	«Ұлттық құндылық – тәрбиенің түп қазығы» қалалық семинар	ақпан	Аманова А Кармысова А	Жоспар. жариялану
10	4 отырыс «Оқушы бойында азаматтық-патриоттық сананы қалыптастыруда сынып жетекшінің ролі» Мақсаты: оқушы бойындағы патриоттық тәрбиені қалыптастыру, жауапкершілікке тәрбиелеу. 1.Балаға құқықтық тәрбие берудегі сынып жетекшісінің ролі. 2.Оқушылардың сабаққа қатысым мониторингі. 3. Ұлдар мен қыздар кеңестерінің жұмысы туралы	наурыз	Аманова А Исмагулова А. Кармысова А.	хаттама
11	«Үздік сынып жетекшісі 2024»	сәуір	Аманова А Кармысова А	
12	5 отырыс: 2023-2024 оқу жылындағы ӘБ жұмысының қорытындысы. Мақсаты: жыл бойына жасалған жұмыстарға талдау жасау, тәжірибе алмасу. 1.ӘБ жұмысының жылдық қорытындысы. 2. Мектеп ішінде жүргізілетін тәрбие ісінің құжаттарының жүйелі жүргізілуі 3.Жазғы демалысты ұйымдастыру 4. «Ата-ана, мектеп, оқушы» марафонының қорытындысы	мамыр	Аманова А Кармысова А Исмагулова А	хаттама

Сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің жетекшісі:



Исмагулова А.Б.

«Бекітемін»

Мектеп директоры

М.С.Наменова

**2023-2024 жылғы класс жетекшілердің
ашық тәрбие сағаттар тізімі**

№	Ашық тәрбие сағатының тақырыбы	Класс	Класс жетекшінің аты-жөні	Өткізілетін күні
1	«Мен оқыған бір ертегі»	1 «а»	Ермаханова Ж.Т	22.01.2024
2	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»	1 «ә»	Жайманова Г.	29.01.2024
3	«Тиімді әрі пайдалы тамақтану негізі»	1 «б»	Кемалова О.Т	08.04.2023
4	«Отбасы бақыт мекені»	2 «а»	Оспанова А.С	29.01.2021
5	«Зиянды әдеттер және олардың денсаулыққа әсері»	2 «ә»	Шамуратова Б.И	11.03.2024
6	«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы»	2 «б»	Кошкарлова Ж.	22.01.2024
7	«Алғыс айту-парызым»	3 «а»	Омарпатшаева А.Ж	26.02.2024
8	«Ғаламтор біздің өмірімізде»	3 «ә»	Мухамбетова Г.А	12.02.2024
9	«Ғарышкерлер күні»	3 «б»	Мұхамеди Қ.А	08.04.2024
10	«Мақал сөздің азығы, жұмбақ ойдың қазығы»	4 «а»	Баймырзаева Т.К	05.02.2024
11	«Кітап сарқылмас бұлақ»	4 «ә»	Исмагулова А.Б	15.01.2024
12	«Үйрен жақсы әдеттен»	4 «б»	Жылқыбаева К.Ж	26.02.2024
13	«Ұлттық киім ұрпаққа мұра»	5 «а»	Дарибаева Ж.М	15.04.2024
14	«Тиімді әрі пайдалы тамақтану»	5 «ә»	Мынбаева Г.Т	29.04.2024
15	«Ұлттық киім ұрпаққа мұра»	6 «а»	Мейірманова А.	22.04.2024
16	«Отбасы-біздің ұямыз»	6 «ә»	Ақжігіт С.Б	13.05.2024
17		6 «б»	Таңатар М.М	
18	«Тиімді әрі пайдалы тамақтану»	7 «а»	Жумағалиева Ш.	29.04.2024
19	«Дос-ажарың, жолдас базарың»	7 «ә»	Ибраева Ж.К	01.04.2024
20	«Туған өлке ақындарының шығармалары»	8 «а»	Дуйсенғалиева З.М	17.04.2024
21	«Театр-ұлттың рухани айнасы»	8 «ә»	Таңатарова А.Х	19.02.2024
22	«Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталады»	9 «а»	Советова Г.	18.03.2024
23	«Имандылық тәрбие негізі»	9 «ә»	Тұяқова А.	19.02.2024
24	«Мамандық таңдау және болашақ»	10	Суханова А.	15.01.2024
25	«Таным. Тағылым. Тәрбие»	11	Дукалова А.	12.02.2024

Оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудағы негізгі басымдықтар – білім алушылардың әл-ауқатын қамтамасыз ету, баланың жеке басына құрмет пен сенім, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету.

Биылға оқу жылында тәрбие жұмысы біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады. Бағдарлама жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде адал азаматты тәрбиелеуді көздейді. Білім беру ұйымдарының барлық тәрбие жұмысының мазмұнында ұлттық мүдде, ар-ұят, алғыс айту, ілтипат, талап сияқты құндылықтар көрініс табуы қажет. Білім беру ұйымдарында білім алушыларды тәрбиелеу ісі:

- оқу пәндерінің мазмұны;
- сынып сағаттары мен тәрбиелік іс-шаралар;
- сыныптан тыс іс-әрекеттер мен қосымша білім беру (үйірмелер, клубтар, секциялар, факультативтер және т.б.) арқылы жүзеге асырылады.

1. Оқу пәндері шеңберінде:

- сабақ тақырыбының тәрбиелік мәнін ескеру және оның сабақ барысында жүзеге асырылуын қамтамасыз ету;
- бастауыш сынып пәндері апталығын жоспарлау мен өткізуде ортақ тақырыптардың әлеуетін ескеру;
- орта және жоғары сыныптарда пән апталықтарын жоспарлау мен өткізуде жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға назар аудару қажет.

Күнделікті сабақтың қысқа мерзімді жоспарларын әзірлеуде Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында берілген жалпы білім беру мазмұнының базалық құндылықтары мен жалпыадамзаттық және қазақ халқының ұлттық құндылықтарын кіріктіру ұсынылады. Мысалы, Қазақстан тарихын оқытуда еліміздің ұлттық мұрасы мен мәдениетіне құрметпен қарауды дәріптеу немесе әдебиетті оқыту барысында шығармаларды талдау арқылы жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға басымдық беру, географияны оқыту барысында табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарау және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдану еліміздің тұрақты дамуы үшін маңызды екендігін дәріптеу ұсынылады. Педагогтер сабақ мақсатының пәндік мазмұнын ғана емес, сол оқу мақсаты шеңберінде тәрбиелік компоненттерді ескеруі маңызды.

2. Сынып сағаттары мен тәрбие іс-шаралары шеңберінде:

- әдептілік, әділеттілік, мейірімділік, адалдық, отаншылдық, қамқорлық, азаматтық жауапкершілік, еңбекқорлық, ұлттық мұра мен қазақ тілін қастерлеу, қоғам игілігіне қызмет ету, денсаулық пен салауатты өмір салтын ұстану секілді қасиеттерді қалыптастыруға тұғыр болатын ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтарын дарытуға ықпал ететін дөңгелек үстелдер, пікірталастас, талқылау, рөлдік ойындар, кейстерді шешу және т.б. формада өткізу ұсынылады; – құндылықтар тәрбие жұмысының нәтижесі ретінде білім алушылардың мінез-құлқы мен тұлғалық қасиеттері арқылы көрініс табуы үшін сынып сағаттарын сындарлы тәсілдеме негізінде ұйымдастырып, интербелсенді формада өткізу ұсынылады;
- сынып сағаттарын мектептің педагог-психологімен бірлесіп өткізу ұсынылады (педагог-психологпен бірлескен сынып сағатының санын, өткізу жиілігін білім беру ұйымдары дербес анықтайды).

Білім алушылардың бойында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда келесі тақырыптар бойынша сынып сағаттарын өткізу ұсынылады:

- «Ар-ұят және жауапкершілік»
- «Біздің қоғамдағы әділеттілік»
- «Іс-әрекеттегі мейірімділік»
- «Мейірімділік құндылығы»
- «Күнделікті өмірдегі адалдық»
- «Этикалық құндылықтарды дамыту»
- «Отаншылдық және оның мәні»
- «Біздің қоғамдағы азаматтық жауапкершілік»
- «Еңбекқорлық және оның табысқа әсері»
- «Ұлттық мұраны, қазақ тілін ұлықтау»
- «Қоғам игілігіне қызмет ету»
- «Денсаулық және дұрыс тамақтану мәдениеті»
- «Салауатты өмір салтындағы дене белсенділігінің рөлі»
- «Зиянды әдеттер және олардың денсаулыққа әсері»
- «Құқықтық мәдениет және оның маңызы»
- «Қазіргі әлемдегі цифрлық сауаттылық» және басқалар.

Сынып жетекшілері ұсынылған сынып сағаттарының тақырыбын таңдауда және сынып сағаттарының мазмұнын әзірлеуде білім алушылардың жас ерекшелігін, олардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін және өңірдің сұранысын ескеруі қажет.

Жас класс жетекшілерге педагогикалық, методикалық көмек көрсету.

Мақсаты: Сынып жетекшілермен бірге тәрбие жұмысындағы кейбір проблемаларды шешу жолдарын қарастыру арқылы жас сынып жетекшілерге алдын алу бағытында бағыт-бағдар беру.

Күтілетін нәтижелер: Тәрбие үдерісінде жаңа форматты оқыту әдістерін тиімді, шебер қолдана білетін жаңашыл, шығармашыл сынып жетекшілер қалыптасады

I. «Сәлемдесу» жаттығу. Мысалы: Менің атым Миранш. Мен-бастауыш сынып мұғалімімін. Менің көңіл күйім тамаша! (топқа бөлу сан арқылы)

II. Әр сыныпта тәртіп болу үшін оларға не керек ?

Өзінің ішкі топтағы ережесі . Ендеше бүгінгі біздің ережеге назар аударыңыздар. Топтық ереже.

1.Барлығымыз ұйымшылдық танытуымыз керек

2. «Қазір осы жерде» ол әр қатысушының өзін толғандыратын ойын айтуы

3. Бір бірімізге деген мейірімділік, сыйластық түсінушілік болу қажет

4. Бір бірімізді сынамау, кемсітпеу ...

5.Ашық ойды айта білу

III Қызығушылықты ояту

«Сіз қандай сынып жетекшісіз?» Психологиялық тест.

(Берілген фигураларды саны бойынша таңдайды)

1-2-3 таңдағандар-

Кез келген ортада өзін көрсете алатын, ашық, жарқын, көпшіліктің алдына шыға алатын, істеген істерінен нәтиже шығара алатындар, бірақ бұл топтағыларды жиі мақтап қоймаса істері алға баспайды, мақтауды сүйетін жандар

4-5-6 таңдағандар-

Жұртқа үйреткенді жақсы көретін, жаңашыл, білмегенін сұрайтын, ізденіп жүрген сынып жетекшілер

7-8-9 таңдағандар-

Керісінше бұл топтағылар ойын сыртқа шығара алмайтындар, бірақ үнемі ізденісте жүретіндер, білімділер




















Класс жетекшілер отырысы. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» жобасын түсіндіру



**«Ата-аналарға психологиялық-педагогикалық білім берудің
ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы ақылы семинардың куәлік беру**

ВЕДОМОСІ

Семинардың өткізілу уақыты: 30.11-01.12.2023ж.(8сағ.)

№	Ф.И.О. слушателя по удостоверению личности	№ сертификата	Подпись	Дата
1	Абубакирова Узилдик Жолановна	145840		25.11.23
2	Ақжігіт Самал Беркінқызы	145841		25.11.23
3	Аманова Айнагуль Маликовна	145842		25.11.23
4	Арысова Алия Сайлауовна	145843		25.11.23
5	Баймырзаева Турсынай Коктаубаевна	145844		25.11.23
6	Дарибаева Женисгул Махамбетжановна	145845		25.11.23
7	Дукалова Айгерим Бакбергеневна	145846		25.11.23
8	Ермаханова Жанат Токмырзақызы	145847		25.11.23
9	Жайлауқызы Бағдат	145848		25.11.23
10	Жайманова Гүлмира Төлепбергенқызы	145849		25.11.23
11	Жумагалиева Шолпан Искандеровна	145850		25.11.23
12	Жылқыбаева Кәмила Жұмабекқызы	145851		25.11.23
13	Ибраева Жулдыз Кабыловна	145852		25.11.23
14	Исмагулова Айнур Бакитжановна	145853		25.11.23
15	Кармысова Арайлым Куралбаевна	145854		25.11.23
16	Кемалова Орнай Тлеуқызы	145855		25.11.23
17	Қоқымбаева Салтанат Дәуренбекқызы	145856		25.11.23
18	Кошкарлова Жанаргул Отесиновна	145857		25.11.23
19	Мейірманова Аида Мейірманқызы	145858		25.11.23
20	Мухамбетова Гулшат Абдигалиевна	145859		25.11.23
21	Мынбаева Гулжайна Табылдиевна	145860		25.11.23
22	Омарпатшаева Айгүл Жаңабергенқызы	145861		25.11.23
23	Оспанова Алмагуль Сериковна	145862		25.11.23
24	Советова Гүлжанат Нұрланқызы	145863		25.11.23
25	Суханова Анара Өтетілеуқызы	145864		25.11.23
26	Таңатар Мөлдір Мұратқызы	145865		25.11.23
27	Таңатарова Айгүл Хамидуллақызы	145866		25.11.23
28	Тұяқова Әлия Шынтасқызы	145867		25.11.23
29	Шамуратова Бибигул Ивановна	145868		25.11.23

Семинар жетекшісі: Телағысова М.Ы.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау жоба жұмысының жүргізілуі.

(СЖО.01.11.2023)

Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрлігінің қолдауымен ағымдағы жылдан бастап, яғни 2023-2026 оқу жылдарына «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» кешекнді жұмыс жолға қойылды. Сонымен қатар 2023-2024 оқу жылының әдістемелік нұсқау хатындағы негізгі ерекшеліктерінің ішінде «Мектептердің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылын нығайту, «Ата-аналар академиясын» құру мақсаты көрсетілген.

Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының қызметін» білім беру ұйымының қажеттілігі негізінде 2023-2024 оқу жылынан бастап жоспарлады.

Мақсаты: балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналарды немесе заңды өкілдерді педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдар, балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын күшейту, сондай-ақ берекелі отбасы мәдениетін дамыту.

Ата-аналарды педагогикалық қолдаудың міндеттері:

-балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуда ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдауды ұйымдастыру;

-балаларды тәрбиелеу мен дамытуда білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы өзара іс-қимылды нығайту;

-балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналардың жауапкершілігін арттыру.

Бұл жоба өзінің осындай дайын жоспарларымен, жоспарланған тақырыптарымен берілді. Осы тақырыптарды қамти отырып, мектепшілік ата—аналарды педагогикалық қолдау дәрістерін бастауыш буын, орта буын бойынша бір жылға жоспарланып бекітілді.

Осы жоспар бойынша қараша айындағы бастауыш буынның «Отбасы – бақыт мекені» тақырыбындағы, орта буынның «Позитивті ата-ана болу: тыңдау, есту, естірте білу» тақырыбындағы 1 дәрістері өткізілді. Және ата-аналарға жоба туралы, оның мақсаты туралы толық түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Тағы бір айта кететін жайт, осы жоба аясында мектепшілік ата-аналар кезекшілігі 2 тоқсаннан бастап ұйымдастырылып келеді.

1-4 сыныптар

№	Дәрістің тақырыбы	Өтетін уақыты	Дәрісті жүргізуші жауапты
1	Отбасы - бақыт бесігі Ата-ана өмірінің жобасы – бақытты адам	Қараша	Шамуратова Б Мұхамеди Қ
2	Әрбір бала – жарық жұлдыз: оны қалай ашамыз	Желтоқсан	Кемалова О Жылқыбаева К
3	Баланы жастан... Баланың білімдарлығы мен ептілігін қалай дамытамыз	Қаңтар	Исмагулова А. Оспанова А.
4	Ойынға тәуелділікті қалай жеңуге болады?	Ақпан	Баймурзаева Т. Қошқарова Ж
5	Сенім арту - жетістік кепілі Қиын жағдайда баланы қалай демейміз	Наурыз	Ермаханова Ж. Мухамбетова Г
6	Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер. Үлгі болу арқылы тәрбиелеу	Сәуір	Омарпатшаева А. Жайманова Г.
7	Отбасы құндылығы - сарқылмас қазына . (жалпы ата-аналар жиналысы)	мамыр	ДТІЖО

5-8 сыныптар

№	Дәрістің тақырыбы	Өтетін уақыты	Дәрісті жүргізуші жауапты
1	Баланың бас ұстазы – ата-ана. Позитивті ата-ана болу: тыңдау, есту, естірте білу	Қараша	Жумағалиева Ш Таңатар М

2	Ақыл айтпа, жол көрсет. Оқудың жаңа шарттары: бала бейімделуден қалай өтеді	Желтоқсан	Мыңбаева Г. Дарибаева Ж.
3	Балаға үйрету: ақылыңды мейірімге орап бер . Өз балаңның жүрегіне кілт табу	Қаңтар	Абубакирова Ү Таңатарова А
4	Бұлақ көрсен, көзін аш. Шығармашыл тұлғаны өсіру	Ақпан	Ибраева Ж Ақжігіт С.
5	Отбасы құндылығы - сарқылмас қазына	Наурыз	Суханова А Мейірманова А
6	«Әр нәрсенің өлшемі бар...» «Керек» пен «қалаймын» арасындағы тепе-теңдікті ұстап тұру	Сәуір	Тұяқова Ә. Советова Г.
7	Отбасы құндылығы - сарқылмас қазына . (жалпы ата-аналар жиналысы)	мамыр	ДТІЖО

Ұсыныс: Ата-аналармен тығыз байланыс жалғасып «Ата-аналарды педагогикалық қолдау жобасының» жұмысы жандандырылсын.